



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- 3320 «Краткосрочные гарантийные обязательства»;
- 4210 «Долгосрочные оценочные обязательства»;
- 4220 «Долгосрочные гарантийные обязательства».

При признании оценочного обязательства в бухгалтерском учете дается следующая проводка: Дт 7450 «Расходы по созданию резервов» Кт 3310 «Краткосрочные оценочные обязательства», «Долгосрочные оценочные обязательства».

ЛИТЕРАТУРА

1. Калиева Д.Ш., Макарова С.Б. МСФООС: история возникновения и международный опыт их применения //Финансы Казахстана. - №2, 2012., с.45
2. www.zakon.kz
3. Шолпанкулов Б.Ш. О реформе бухгалтерского учета в государственном секторе. //Финансы Казахстана. - №1, 2012, с.20
4. Международные стандарты финансовой отчетности для общественного сектора

УДК 657:631

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Бәзілова Мөлдір Қуатқызы

moldirb_1996@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Есеп, аудит және талдау» кафедрасы, 5B050800 «Есеп және аудит» мамандығының

2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Аханова Н.Е.

Он жылдай уақыт бұрын Республикамыз бухгалтерлік есептің Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ХҚЕС) ауысқан болатын. Сол бойынша қаржылық есептіліктің жасалатындығы да жарияланды. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттары міндетті түрде қолданылатын болды. Қазақстандағы ХҚЕС жолы оңай болған жоқ және өзіндік ерекшелікке ие. ХҚЕС-ке өту бойынша үкімет бағдарламасы қабылданды, министрліктер мен мекемелерге сәйкес материалдарды жасау бойынша тапсырмалар берілді. ХҚЕС негізінде дамып жатқан жүйе. Уақыт өте келе, бұл стандарттар салыстырмалы түрде тұрақтылыққа қол жеткізген кезде, сөзсіз, олар бүкіл әлемде кең қолданысқа ие болады. Бірақ ол үшін көпжылдық және үлкен дайындық қажет, оның жоқтығы Қазақстанда қазір және болашақта бухгалтерлік есептің жағдайына әсер ететін болады. Мұндай дайындық бізде болған жоқ және жақын арада болмайды да, бұл өз кезегінде қазіргі кездегі бухгалтерлік есептің нашар жағдайының себебін түсіндіріп бере алады.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына қатысты түйткілді мәселелер жетерлік. Солардың кейбірін санамалай кетейік. Мысалға алар болсақ, стандарттардың ресми аудармалары жоқ болса да, ресми түрде оларды қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықтар жарияланды. Шоттардың бас жоспары күшін жойды, шоттардың үлгілік жоспары екі рет ауыстырылды, ХҚЕС-тың ағылшын тілінен ресми аудармасы жасалған жоқ. Ақырында, ХҚЕС заңнамалық деңгейде қабылданды, ҚЕҰС – ХҚЕС-тің конспект түріндегі нысаны қолданысқа енгізілді. Бірнеше жыл бойы әрекет еткен 2006 жылғы үлгідегі ХҚЕС-тың ресми аудармасы пайда болды. Қазіргі уақытта біз 2011 жылғы ХҚЕС үлгісін пайдалануымыз қажет. Яғни, басқаша айтқанда, біз ХҚЕС-тен 3-4 жылға қалып келе жатырмыз, және де бұл әрқашан орын алып отыратын болады. Алайда, біз нақты өту мерзімін әлі де анықтай алмай жүрген АҚШ, Ресей, Қытай, Үндістан, Ұлыбритания және бірқатар басқа да мемлекеттерден бұрын осы стандарттарды қабылдадық. Қаржылық есептіліктің «ашықтығына» - қабылданған жалпы пікірге сәйкес бухгалтерлік есептің

барынша жетілген шыңына қол жеткіздік пе? Мемлекет, қоғам, акционерлер, инвесторлар және бухгалтерлер қандай пайда тапты?

Сонымен қатар бухгалтерлік есеп саласында атқарылып жатқан шаралар да аз емес. Жария мүдделі ұйымдар және ірі кәсіпкерлік субъектілері ХҚЕС-ке өткізілді, соған сәйкес еншілес компаниялар міндетті түрде шоғырландырылған қаржылық есептілік құруы тиіс. Кәсіби бухгалтерлер ұйымдарының институты дамуда, кәсіби бухгалтерлерді ұлттық сертификаттау басталды. ХҚЕС шағын кәсіпкерлік субъектілерінде қамтуда, олар мемлекеттік секторға да енгізіле бастады.

Бірақ ұйымдастырушылық жетістіктерге қарамастан қазіргі таңда, және де болашақта күрделенуі мүмкін мынадай мәселелер бар:

- бухгалтерлік есептің қағидалары мен талаптарын әдістемелік қамтамасыз ету бойынша реттеу органдарының тәсілдері ресми түрде ғана немесе тіпті жоқ деуге де болады;

- сертификаттайтын кәсіби бухгалтерлер бірлестіктерінің бухгалтерлік есепті реттеуге ресми түрде ғана араласуы, қазіргі уақытта олар өздерінің қызметтерін коммерцияландыруды мақсат етуде, бұл мақсатты олар кәсіби бухгалтер сертификатын алу үшін емтихандарға рұқсат беру кезінде қоғамдық және басқа да ұйымдардың бухгалтерлерін міндетті ақылы оқытуға мәжбүрлеу арқылы жүзеге асыруда;

- қаржылық есептіліктің сапасын бақылау жүйесінің тиімсіздігі, жоғары оқу орындарындағы дайындаудың жеткіліксіз деңгейі, бухгалтерлерді кәсіби дайындаудың әлсіздігі;

- ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктің ресми мәртебесінің белгісіздігі;

- шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаудың жоғары еңбек сыйымдылығы және шығындары, мұндай есептілікті алуға деген шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдарының жетекшілері мен иелерінің ынтасының болмауы;

- ұйымдарға артық есептілік жасау және ұсынуға, салық есебін жүргізуге, салықтық есеп саясатын жасауға қатысты әкімшілік қысым көрсету;

- салық есебі мен бухгалтерлік есеп арасындағы қайшылықтарды есепке алмайтын салық заңнамасының жетілмегендігі; қаржылық құралдарды салықтық есепке алудың қиындығы;

- заңға сәйкес және басқа да актілер деңгейінде мемлекеттік және жеке құрылымдардың жасайтын, қаржылық есептіліктің аудиті түріндегі кәсіпкерлік қызметті жүргізуде аудиторлық ұйымдардың көпшілігі үшін жасанды және әдейі қалыптастырылатын кедергілер;

- міндетті аудитті өткізу белгіленген субъектілердің аудитті жүргізуіне бақылаудың жоқтығы, міндетті аудиттен өту туралы заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін елеусіз әкімшілік шаралардың ғана қолданылуы;

- сатып алудың электрондық жүйесінің әсерінен туындаған аудиторлық қызметке деген бағалық демпинг, салдары – қаржылық есептілік аудиті сапасының қатты төмендеуі;

- басқа аудиторлық ұйымдарға кәсіби кедергілер жасау жолымен «қажетті» аудиторлық ұйымды аудит жасауға өткізу мақсатындағы келісу жағдайларының көптеп орын алуы; кәсібилілік талаптар туралы ҚР Қаржы министрлігінің бұйрықтарының талаптарын сақтамау;

- күмәнді немесе әдейі жалған аудиторлық есеп берген аудиторлық ұйымдарға қатысты мемлекеттік органдардың шара қолданбауы;

- қаржылық есептілікті ұсыну және/немесе аудиттеу саласындағы бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет туралы заңнаманы бұзушыларға қатысты қабылданатын (және қабылданбайтын) шаралардың жариялылығының болмауы;

- аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру туралы заңнаманың жетілмегендігі, сақтандыру оқиғасының болуы нәтижесінде келтірілген залал үшін сақтандыру өтемақысын жәбірленуші жақтың алуына мүмкіндік бермейтін іс жүзінде сақтандыру ұйымдары үшін шығынсыз сақтандырудың болуы;

- шетелдік қоғамдық ұйыммен жасалатын ХҚЕС ережелерінің өзгерісіне заңнаманың

тәуелділігі;

- сәйкес департамент тұлғасындағы уәкілетті органның әдістемелік жағынан дәрменсіздігі.

Ең басты мәселе, әлі күнгі дейін бухгалтерлік ортада ХҚЕС және оның есеп үдерістеріне ықпалы түсінігінің және негізгісі, ХҚЕС-ке толықтай өтудің қажеттілігі және осындай өзгерістің пайдасы түсінігінің жоқтығы болып табылады. бухгалтерлер үшін РФ-дағы жағдай мысал бола алады, онда бухгалтерлік есептің ресейлік ережелері біртіндеп ХҚЕС-ке жақындап келе жатыр. Біздің ұлттық стандарттарымыз ХҚЕС-ке бағытталған болатын, оларды игеруге ықпал етуі мүмкін еді, алайда шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдары ҚЕҰС қолдану қажеттілігін сезінбеді. Оған қоса, ҚЕҰС ішкі қайшылықтарға толы болды. Мысалы, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері акционерлік қоғам бола алмайды. Дегенмен, ҚЕҰС-та акциялар шығару, опциондар, варрантар сату, өзінің акцияларын сатып алу және т.с.с. қарастырылған.

Тағы бір мәселе: ХҚЕС жөніндегі Кеңеспен жасалатын және бекітілетін ХҚЕС ешбір мемлекетте нормативтік құжат болып табылмайды. Оған қарамастан, мысалы, бағалы қағаздары еуропалық биржаларда айналымда жүретін ұйымдарға ЕО директивасы шоғырландырылған есептілікті ХҚЕС бойынша жасауды міндеттейді. Осыған сәйкес, ХҚЕС тек акциялары биржада айналатын ұйымдар үшін ғана міндетті болады. Мұндай жағдайда мемлекеттік кәсіпорындардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің ХҚЕС-ті қолдану қажеттілігі анықталмаған.

ҚР-ның «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңында барлық ұйымдар ХҚЕС-ті қолдануға міндетті делінген. Бухгалтерлік есепті жүргізу ережелерін бұзғаны үшін қолданылатын нормалар Әкімшілік кодекске енгізілген. Осыған байланысты шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдарының көпшілігі ХҚЕС бойынша есеп саясатын жасауға, кеңес берушілерге, ХҚЕС-ке өтумен айналысатын фирмалар қызметіне және т.б. айтарлықтай аша жұмсау арқылы ХҚЕС-ке өтуін жариялауға асықты. Бұл үдеріс және оның нәтижесі (ХҚЕС-ке өту) ешкіммен бақыланбайтындықтан (жалпы алғанда, ешкімді қызықтырмайды), шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдарының бухгалтерлері бухгалтерлік есеп саласында бақыланбайтын шығармашылық жағдайына бастан кешіруде. Бұған шағын және орта бизнеске аудиттің жүргізілмейтіндігі де өз әсерін тигізгені анық.

ХҚЕС үнемі өзгерістер мен жаңартулар жағдайында болып отыр. Оған қоса, ХҚЕС-тің US GAAP-ке қарай бейімделуі де өз ықпалын жасауда. Стандартты өзгерту немесе алмастыру айтарлықтай еңбекті қажет етеді, сондықтан да тез жүзеге аспайды. Ары қарай ХҚЕС-тің қазақ немесе орыс тіліне аудару кедергілері кездеседі. Нәтижесі – созылмалы артта қалып отыру үрдісі. Бірақ, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» ҚР-ның Заңына сәйкес қаржылық есептілік ресми аударма болған кезде ғана ХҚЕС бойынша жасалған деп саналады. Ол бізде бар - жылғы ХҚЕС аудармасы. Яғни, мысалы, 2013 жылғы редакциядағы ХҚЕС-ке сәйкес жасалған қаржылық есептілік заңнамаға сәйкес болып табылмайды.

Ендігі кезекте ҚР-дағы бухгалтерлік есепке қатысты заңнамаға талдау жасайық. ҚР-ның «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 3-бабында: «1. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады» делінген. Сонымен бірге 16-бапта «Қаржылық есептілікті жасауды ұйымдар Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары қорынан оларды ресми аударуға және (немесе) Қазақстан Республикасында жариялауға жазбаша рұқсаты бар ұйым қазақ немесе орыс тілдерінде жариялаған халықаралық стандарттарға және шағын және орта бизнес ұйымдарына арналған халықаралық стандартқа сәйкес жүзеге асырады» деп айтылған.

2013 жылғы ХҚЕС аудармасының болмауы бухгалтерге бұл стандарттарға сілтеме жасауына құқық бермейді. Оған қарамастан қазақстандық БАҚ-тардағы қаржылық есептілік жарияланымдары ресейлік көздерден алынған жаңа терминологияны қамтиды. Мысалы,

баланс қаржылық нәтиже туралы есеп, пайда мен зияндар туралы есеп қаржылық жағдай туралы есеп және т.с.с. Бұл тек қана бухгалтерлік есеп туралы заңнаманың емес, сонымен қатар Азаматтық кодекс талаптарына да сәйкес келмейді, ресми түрде есептілікті ҚР-ның заңнамасына сәйкес емес деп тануға себеп бола алады. Қорытынды: біз өзімізде жоқ стандарттар бойынша жұмыс жасаймыз. Оған қоса ресми түрде ескірген АХС-тың аудармасын жетекшілікке алуға тиісті екеніне қарамастан аудиторлық ұйымдар мұндай есептілікті растайды. Сұрақ қойып көрейік. ХҚЕС бойынша жасалған қаржылық есептілікті пайдаланушалар бізде қаншалықты көп? Бағалы қағаздар нарығындағы қаржы құралдарының эмитенттерінің, сонымен қатар олардың акцияларын ұстаушылардың саны қанша? Теория жүзінде бізде ХҚЕС бойынша жасалған ХҚЕС-ті қолданушылар қор нарығын реттеушілер және акцияның иелері немесе потенциалды сатып алушылар – олар көп емес, болып табылады. сәйкесінше, ХҚЕС-ті қалыпт «іске қосуға» ішінара бағалы қағаздар нарығының дамымағандығы да кедергі келтіреді.

Салық заңнамасын арнайы қарастыру қиын және пайдасыз. Ерте немесе кеш, біз бәрібір де бухгалтерлік есеп ережелеріне тәуелсіз Салық кодексін және салық есебінің жүйесін жасауға келетін боламыз. Мәселе басқада. Салық есептілігін ұсыну есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін белгіленген. Қаржылық есептілік үшін ұсыну мерзімі 30 сәуірге дейін. Акционерлік қоғамдардың басқа да салық төлеушілер секілді есептілікті 31 наурыздан кешіктірмей тапсыратыны анық. Оған қоса акционерлік қоғамның қаржылық есептілігі акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен бекітілуі тиіс, ҚР-ның «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35-бабына сәйкес акционерлер жиналысы қаржылық жыл біткеннен кейін 5 айдың ішінде болуы тиіс. Бұл мерзім есептік кезеңге қоғам аудитті жасап бітіру мүмкін болмаған жағдайда 3 айға дейін ұзартылады. Демек, АҚ үшін қаржылық есептілікті ұсынудың шекті мерзімі 1 қыркүйек. Бұл жағдайда салықтық есептілікті ұсыну ережесі бухгалтерді қаржылық есептілік жасауға және оған 31 наурызға дейін аудит жүргізуге «итермелейді».

Бухгалтерлік есептің салық есебіне тәуелді екені анықталып отыр, бұл өз кезегінде сапаға кері әсерін тигізеді. Себебі, бухгалтерлік есепті бұзу жауапкершілігімен салық есебін бұзу жауапкершілігін салыстыруға келмейді.

Қаржылық есептіліктің аудиті міндетті болып табылатын акционерлік қоғамдар мен басқа да субъектілерге қайта оралатын болсақ, Әкімшілік кодекстің мына бір жеріне назар аудару қажеттілігін айта кеткен жөн. Кодекстің 186-бабында Міндетті аудит өткізуден жалтару не оны жүргізуге кедергі келтіру, - ұйым басшыларына, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деп айтылған.

Қорытынды: 20 немесе 200 АЕК сомасындағы айыппұл төлеу одан қымбат тұратын аудит жүргізуге қарағанда оңайырақ болып табылады. оған қоса қайтадан құқық бұзушылық үшін қосымша санкциялар шзаңнамада қарастырылмаған.

Мынадай оғаштық бар. Кез келген тауар немесе қызметті сатып алушы алынатын өнімнің сапасын қызығушылық танытады. Ол тауардың (қызметтің) сапасын бақылайды және де сапа критерийлеріне сәйкес келмейтін тауарды немесе қызметті қабылдауы екіталай. Бірақ та сапасыз аудиторлық қызметке сатып алушы да (аудитке тапсырыс беруші), сатушы да (аудитор) келісуі мүмкін. Әрине, мұндай жағдайлар үшін қылмыстық және әкімшілік сипаттағы санкциялар қарастырылған. Олар қолданылып жүр ме әлде жоқ па – ешкімге де белгісіз, алайда қаржылық есептілігі белгілі аудиторлармен расталған компаниялардың алаяқтығы, қулықтығы, банкроттығы және т.с.с. көптеген оқиғалары кездесіп жүр.

Жоғарыда талданған мәліметтер мен қарастырылған мәселелерді қорытындылай келе, ҚР-дағы бухгалтерлік есеп пен аудитті одан әрі дамыту үшін төменде көрсетілген басым мақсаттар мен өзекті бағыттарды ұсынамыз. Біздің көзқарасымыз бойынша, бухгалтерлік есеп және аудитті ары қарай дамыту бойынша мақсаттар жалпылама түрде мыналардан тұрады:

- қаржылық есептілікте көрсетілетін бухгалтерлік ақпараттың сапасын арттыру;
- бухгалтерлік есеп және аудит саласында сапаны бақылауды күшейту;
- бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсібилілік деңгейін айтарлықтай арттыру;
- бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті реттеу жүйесін жетілдіру.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай әдістер мен тәсілдер қолданылуы тиіс?

Бухгалтерлік есеп жіне аут жағдайын жақсарту бойынша жұмыстың кейбір бағыттарын бөліп көрсетейік. Мұндай бағыттар көп емес, және, өкінішке орай, жақын болашақта олардың орындалуы мүмкін емес. Себебі қарапайым – бухгалтерлік ойлардың деградациясы және есеп және аудиттің дамуына жауапты тұлғалардың қызығушылықтарының толығымен жоқтығы немесе олардың мүдделері қарама-қарсы бағытта кеңінен жайылған.

Өзекті бағыттар:

1. ХҚЕС-ке барынша жақындатылған меншікті Қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын жасау. Ұлттық стандарттар кәсіби қоғамдастықпен қарастырылғаннан және әділет органдарымен бекітілгеннен кейін Үкіметпен бекітілуі тиіс. Мұндайбағыт іс жүзінде мүмкін емес екенін айта кеткен жөн, себебі механизм іске әлдеқашан қосылып қойған, алайда бұл ХҚЕС бойынша шешім қабылданғанға дейінгі дұрыс жалғыз ғана қадам еді. Біз былайша ойлайтындардың артынан еріп кеттік: бүкіл әлем ХҚЕС қолданғанда «велосипед жасаудың» не керегі бар, стандарттар халықаралық емес пе?! Алайда, алдын ала ойластырусыз және мақсат қоймай стандарттарды бүкіл әлем және барлығы қабылдауға дайын емес екені белгілі болды.

2. Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарының (БКҰ) рөлін арттыру. Қазіргі уақытта бұл ұйымдар заңнаманың әсерінен мамандықтың қадірін кетіруде. Бухгалтерлердің кәсіби ұйымы және оларды аккредитациялау кәсіби ұйымдармен «өзара әрекет етуге» міндетті сертификаттаушы ұйымдардың заңнаманы орындап жатқанын көрсетуге ғана бағытталған. «Өзара әрекет ету» дегенді қазір ешкім түсіндіре алмайды. Негіз болған бухгалтерлік есеп туралы Заңның логикасы мен мағынасы ұмытылып қалған (2006-2007 жж бухгалтерлік есеп туралы Заң бір ұйымға арналып жасалғандығын айта кеткен жөн). Сондықтан сертификаттайтын ұйымдарды аккредитациялау кезінде БКҰ-мен «өзара әрекеттесу» туралы ресми түрде келісім жасалады. Мұндай келісімсіз аккредитациялау мүмкін емес, бірақ ол келісуші тараптарға сертификатталушы ұйымдардың бизнес-мүдделеріне қол жеткізуден басқа ештеңе алып келмейді.

3. Жоғарыда айтылғанға сәйкес, сертификаттаушы ұйымдар мен бухгалтерлердің кәсіби бірлестіктері арасындаөзара әрекеттесуді логикалық жағдайға алып келу керек. Оқыту мен емтихан жүргізу функцияларын ажырату қажет және оқыту құқығын БКҰ-на беру қажет, ал емтихандар жүргізу құқығы сертификаттаушы органдарда болады. қазіргі кезде оқыту мен емтихан тапсыру, сонымен қатар міндетті біліктілікті арттыру сертификаттаушы ұйымдарда шоғырландырылған. Кәсіби ұйымдар бухгалтерлік есеп жүйесінде мұндай бірлестіктердің бар екенін ғана көрсететін пердеге айналып кетті.

4. Уәкілетті және басқа да мүдделі органдар кәсіби біліктіліксіз жүргізілген аудитке қатысты заңнаманы толығымен қолдана алуы қажет. Дағдарыстың бірінші толқыны көрсеткендей абыройлы аудиторлық компаниялар соншалықты сапалы қызмет көрсетпейді. Алайда олардың ешқайсысы жауапкершілікке тартылған жоқ. Кейбір ережелер бойынша тіпті қаржылық ұйымдардың, ұлттық компаниялардың, жер қойнауын пайдаланушы-компаниялардың және т.с.с. аудитін жүргізуге қатыстырылмаған қазақстандық аудиторлық ұйымдар кінәлі болып шықты.

Қаржылық дағдарыстың қорытындысына қарамастан, яғни жалған қаржылық есептілік үшін қаржылық және басқа да ұйымдар ұсталған кезде оларды растаған аудиторлық компанияларға пікір білдіру немесе лицензиясын тоқтата тұру секілді шаралар қолданылмаған.

Оған қарамастан шынайылығына айтарлықтай салмақты күмәндар пайда болған аудиторлық компанияларға қайтадан оңтайлы жағдайлар жасалуда, лицензияның күшін жою

мәселелері қарастырылмады.

5. Бухгалтерлік есеп және аудиттің ұйымдастырушылық мәселелерін, кеңес беруші, жұмыс және сол сияқты органдар мен топтар көбінесе кездейсоқ тұлғалармен жабдықталатындықтан, мүдделі тұлғалардың ортасында кеңірек қарастыру қажет. Одан басқа, бірқатар шешімдер талқылаусыз қабылданады. Кәсіби қоғамдастықтар осыған байланысты бірлестіктердің, бухгалтерлердің және аудиторлардың болашағына қатысты мәселелерге араласа алмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сборник нормативных актов Республики Казахстан // ПАРАГРАФ.-2009. 420 б. Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары, 2011 жылғы редакция.
2. ҚР «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234-ІІІ Заңы // БИКО.- 2009. 35 б.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі (07.03.2014 берілген өзгерістермен және толықтырулармен).
4. Э. Нурсеитов. Авторлық мақала. «Обзор состояния бухгалтерского учета и аудита в Казахстане» // Профессиональный бухгалтер.-2014.

УДК 336:947.7

КӘСІПОРЫННЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

Білдеханова А.Т.

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ,

Қазақстан Республикасы

E-mail: perfect_girl_95@mail.ru

Нарықтық экономика жағдайларында кәсіпорынның өзінің қаржылық-шаруашылық қызметіне қажетті қаржы ресурстарын қамтамасыз ету негізгі мәселенің бірі.

Кәсіпорын меншікті және қарыз капиталын тарту нәтижесінде қалыптасқан меншікті капиталы оның қызметінің тиімділігін, бәсекелестік ортадағы өміршеңдігін, қызметінің түпкі мақсаты болып табылатын табыстылығын анықтап беретін бастапқы фактор болып табылады. Кәсіпорын шаруашылық қызметін жүргізу үшін алдымен меншікті капиталын қалыптастыру қажет. Іс жүзінде кәсіпорынның шаруашылық қызметіне меншікті капитал жеткілікті бола бермейді, сондықтан сырттан қарыз капиталын тарту қажетті туындайды. Оңтайлы капитал құрылымын қалыптастырудың ең маңызды жолы – бұл қандай бағамен қажетті қаржы ресурстарын тартуға болатынын анықтау.

Нарықтық экономикада кәсіпорынның басты стратегиялық мақсаты өзінің капиталының ағымдық және болашақ нарықтық құнын арттыру және оны тиімді пайдалану болып табылады, сондықтан капиталдың құнын тиімді басқару қажет. Капитал құны неғұрлым жоғары болса, кәсіпорын қызметінің тиімділігі де соғұрлым жоғарлай береді. Осыған байланысты кәсіпорынның қаржы менеджерлері капитал құрылымын қалыптастыру көздерінің құнын анықтауға аса назар аударуы қажет [1].

Кәсіпорынның өндірістік процесті дамытуға бағытталған қаржы ресурстары оның ақшалай нысанындағы капиталы болып табылады. Қаржы ресурстары кәсіпорынның жалпы қаражаттарының жиынтығы болса, капитал – осы қаражаттардың өндіріс барысына салынған бөлігі. Осыдан келе, кәсіпорын капиталы дегеніміз бұл кәсіпорынның өндірістік айналымына салынған және осы айналымнан табыстар алып келетін ақша қаражаттары болып табылады.

Капитал кәсіпорынды құрудың және дамытудың басты экономикалық базасы болып табылады, өйткені ол кәсіпорын активтеріне инвестицияланған материалдық, материалдық емес және ақшалай қаражаттардың жалпы құнын сипаттайды. Өндіріс барысында қызмет ету